

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Құрметті әріптестер!

Мемлекет басшысының инфляцияны 2022 жылы **4-6%** нысаналы дәлізге қайтару жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында Ұлттық Банк, бірінші кезекте, Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешені шеңберінде **монетарлық емес факторларды тұрақтандыруға** бағытталған шараларды қабылдауды қолдайды.

1. Биылғы жылғы 8 айдың қорытындысы бойынша **11,4%** деңгейіне жеткен **азық-түлік** бағасының өсуі инфляцияны жеделдетуге **негізгі үлес** қосты. Оны осы жылдың соңына қарай **8%-ке** дейін төмендету үшін Шаралар кешеніне сәйкес Үкімет пен әкімдер **реттеушілік** сипаттағы және **монополияға қарсы** ықпал етудің тиімді уақытша шараларын негізге ала отырып, **жекелеген нарықтардағы маусымдық күтпеген өзгерістер мен теңгерімсіздіктерді** жою бойынша **жедел шаралар** қабылдайтын болады.

Инфляцияны тұрақтандыру бойынша Мемлекет басшысы алға қойған орта мерзімді мақсаттарға қол жеткізу үшін Үкімет тауарлардың өндірісі, экспорты мен импорты балансын қатаң сақтай отырып, ішкі нарықты **жан-жақты толықтыру**, **агроөнеркәсіптік кешеннің өнімділігін арттыру** және тиімді

тауар өткізу жүйесін дамыту жөніндегі **бастамаларды** іске асыратын болады. Бұл азық-түлік инфляциясын 2022 жылы **6%-ке** дейін және 2023-2024 жылдары **5%-ке** дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

2. Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бойынша басқа тауарлар мен қызметтерге **тікелей әсер етумен** қатар **айтарлықтай жанама ықпал** ететін **жанар-жағармай нарығы** бағаның өсуін тежеудің негізгі әлеуетіне жатады.

Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша біз азық-түлікке жатпайтын инфляцияның 2022 жылы **5%-ке** дейін және 2023-2024 жылдары **4%-ке** дейін төмендеуін күтеміз.

3. Реттелетін қызметтер үшін орта мерзімді негізде **болжамды және теңгерімді** тарифтік саясатты енгізу айырықша маңызды болып табылады.

2023 жылдан бастап **бағаны әкімшілік реттеуден** халықтың әлеуметтік осал топтарына **атаулы көмек көрсетуге** ауысуды бастау орынды деп есептейміз. Бұл **сервистік инфляцияны** 2022-2024 жылдары **4%** деңгейінде **тұрақтандыруға** мүмкіндік береді.

Ұсынылатын шаралардың тиімділігі көбінесе өңірлердегі жұмыстың жұмыла ұйымдастырылуы мен үйлестірілуіне байланысты болады. Бірқатар облыстарда биылғы жылдың басынан бастап бағалардың **тұрақты түрде жоғары** өсімі байқалады. Мысалы, осы жылғы тамызда **5 өңірде** инфляция **9%-тен жоғары** қалыптасты. Осыған байланысты Ұлттық Банк

аталған облыстар үшін инфляцияны **тұрақтандырудың арнайы жоспарларын** қабылдап, **өңірлермен бөлек-бөлек жұмыс** жүргізуді ұсынды.

Шаралар кешеніне қосымша орта мерзімді перспективада Үкімет, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі арасындағы Макроэкономикалық саясат шараларын үйлестіру туралы 2021-2023 жылдарға арналған келісімді **тиімді іске асыру** да инфляцияны орнықты түрде төмендетуге ықпал ететін болады.

Біздің бірлескен жұмысымыздың негізгі бағыттары бюджеттің **мұнайға жатпайтын тапшылығын одан әрі төмендету**, тауарлар мен қызметтердің **шикізатқа жатпайтын экспортының көлемін ұлғайту**, сондай-ақ азық-түлік тауарларын **тұтынудағы импорт үлесін төмендету** болып табылады.

Өз өкілеттіктері шеңберінде Ақша-кредит саясатының 2030 жылғы дейінгі стратегиясына сәйкес шамадан тыс өтімділікті қысқарту үшін Ұлттық Банк **2025 жылға дейін** экономиканы қолдаудың **мемлекеттік бағдарламаларынан кезең-кезеңімен толық шығуға** ниеттеніп отыр.

Ұлттық Банк баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін **дезинфляциялық** ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырады. Үкімет тарапынан ұсынылған инфляцияның монетарлық емес факторларын төмендету шаралары тиімді іске асырылған жағдайда, Ұлттық Банк баға тұрақтылығына

қолжеткізуді ескере отырып, ақша-кредит талаптарын жеңілдету жөнінде шешім қабылдауға өзінің дайын екендігін растайды.

Мемлекет басшысының **инфляцияны** 2022 жылы **4-6%** нысаналы дәлізге және 2023-2024 жылдары **4-5%** нысаналы дәлізге **енгізу** жөніндегі тапсырмаларын орындауға Шаралар кешенінің барлығын **толыққанды** іске асыру нәтижесінде қол жеткізілетін болады деп есептеймін.

Назарларыңызға рақмет!